

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің директивалық құжаттарының, тапсырмаларының атқарылуына бақылау мен тексеру ұйымдастырудың ТӘРТІБІ

Премьер-Министрдің Кеңсесінде 1997 жылғы 12 маусымда бекітілген

Премьер-Министрдің Кеңсесінде

Директивалық құжаттардың жүзеге асырылуы мен олардың уақытында атқарылуы үшін Кеңсенің басшысы мен бөлім меңгерушілері жауапты болады.

Президенттің Үкіметке тапсырма берілетін актілері, Үкімет пен оның Төралқасының шешімдері, республика Премьер-Министрінің бекіту немесе өкімдік ету сипатындағылардан басқа өкімдері бақылауға алынады. Бақылауға алынған және орталық атқарушы органдар мен әкімдердің аппараттарына жолданатын құжаттарға "Бақылауға алынды" деген мөр таңба басылады.

Егер Президенттің директивалық құжаттарында тапсырмаларды атқарудың нақты мерзімдері болмаса, онда оны атқарушы-бөліммен бірлесіп Құжаттамалық қамтамасыз ету және қызмет көрсету бөлімі белгілейді және Премьер-Министрдің немесе оның орынбасарының, құжат Үкіметке келіп түскеннен кейін бір апталық мерзімнен кешіктірілмей дайындалатын мемлекет Басшысының келіп түскен шешіміне, тапсырмасында көрсетіледі.

Үкіметке жолданған құжаттардың жобалары бойынша қорытындыларды келісу және дайындау Кеңсенің бөлімдерінде, егер нақты мерзімдері айтылмаса, олар түскен күннен бастап бір айдың ішінде жүзеге асырылады.

Құжаттардың жобаларын қосымша келісу қажет болған кезде олардың министрліктерде, мемлекеттік комитеттерде және Кеңсенің бөлімдерінде болу мерзімі үш күннен, ал "жедел" деген белгімен - бір тәуліктен аспауы тиіс. Құжаттар келісуге қозғалыс есебі кәртіншесімен (қоса беріліп отыр) жолданады.

Президенттің нақты мерзімдері белгіленбеген директиваларының министрліктер мен Кеңседе болуының атқаруға арналған жалпы уақыты бір айдан артық емес екендігін айрықша айтып өткен жөн.

Құжаттардың атқарылу мерзімдерін ұзартуды тапсырма берген басшы, ал Президенттің Әкімшілігінен түскен құжаттар бойынша - белгіленген тәртіппен оның Басшылығымен келісілгеннен кейін жүзеге асырады. Кеңсенің бөлімдері белгілеген мерзімдерде Премьер-Министрдің, оның орынбасарларының немесе Кеңсе басшысының атына қабылданған шешімдерді жүзеге асыруға кедергі келтіретін себептерді көрсете отырып министрліктердің, басқа да орталық атқарушы органдардың бақылаудағы құжаттарды атқаруының жай-күйі туралы ақпарат дайындайды.

Құжатты бақылаудан алу туралы шешім қабылданғаннан кейін атқарушы-бөлімдер

екі күннің ішінде Құжаттамалық қамтамасыз ету және қызмет көрсету бөлімінің бақылау секторына осы шешімнің көшірмесін ұсынады.

Премьер-Министр Кеңсесінің Құжаттамалық қамтамасыз ету және қызмет көрсету бөлімі Кеңсенің Басшысына:

аптасына екі рет Премьер-Министрдің Кеңсесі бөлімдерінің директивалық құжаттар мен Басшылықтың тапсырмаларының атқарылу барысы туралы ақпараттық материал;

ай сайын Басшылық пен Кеңсе бөлімдерінің меңгерушілері үшін премьер-Министрдің Кеңсесіндегі бақылаудағы құжаттармен және тапсырмалармен жұмыс жөніндегі атқарушылық тәртіптің жағдайы туралы деректер ұсынады;

он күн сайын Премьер-Министр Кеңсесінің бөлімдеріне көмек ретінде атқарылу мерзімдері аяқталуға жақын құжаттар туралы еске салу жібереді.

Премьер-Министрдің Кеңсесіндегі, орталық атқарушы органдардың аппараттарындағы атқарушылық тәртіптің жай-күйі туралы ақпарат Құжаттамалық қамтамасыз ету және қызмет көрсету бөлімінде, ал әкімдердің аппараттарындағы атқарушылық тәртіптің жай-күйі туралы ақпарат - аймақтардың жұмысын үйлестіру бөлімінде жинақталады және белгіленген тәртіппен Премьер-Министрге, Премьер-Министрдің орынбасарларына, Кеңсенің Басшысына ұсынылады.

Орталық атқарушы органдар мен әкімдердің аппараттарында

Президент пен Үкіметтің актілерінің уақытында және сапалы атқарылуына, заң және нормативтік құжаттар жобаларының әзірленуіне және олардың Қазақстан Республикасының Президенті мен Премьер-Министрінің қарауына ұсынылуына жауаптылық министрлерге, өзге де орталық атқарушы органдардың басшыларына, облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне жүктеледі.

Егер құжатты дайындауды бірнеше министрлік, мемлекеттік комитет, өзге де орталық атқарушы органдар жүзеге асырған жағдайда, құжатты дайындау үшін жауапты министрлік мерзімдерді өзгерту туралы ұсынысты тек қоса атқарушылармен келіскеннен кейін ғана енгізеді.

Сол немесе өзге де құжатты дайындау, Республика Басшылығының басқа да тапсырмаларын атқару мерзімдерін ұзарту туралы шешімді, осы құжатты дайындау үшін жауапты министрліктің ұсынысы бойынша ғана, Премьер-Министр немесе оның орынбасарлары қабылдайды.

Белгіленген мерзімдердің сақталуына бақылауды орталық атқарушы органдардың, облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің аппараттары жүзеге асырады.

Президент пен Үкіметтің директивалық құжаттарының атқарылуына бақылау мен тексеруді ұйымдастыру жөніндегі жұмыс Үкіметтің Жұмыс регламенті мен Премьер-Министр Кеңсесіндегі Іс жүргізу жөніндегі нұсқаулық талаптарының

сақталуына негізделеді.

Президент актілерінің жобаларын дайындау Үкіметтің оларды іске асыру жөніндегі шешімдерінің жобаларын дайындаумен бір уақытта жүзеге асырылады.

Президент пен Үкіметтің актілерін жүзеге асыру жөніндегі өз шешімдері олар алынған немесе мерзімді баспасөзде жарияланған сәттен бастап бір апта мерзім ішінде қабылданады.

Құжатты атқаруға, нақты мерзімдер болмаған жағдайда, орталық атқарушы органдар мен облыс әкімдерінің аппараттарында ол алынған сәттен бастап бір ай бөлінеді.

Тапсырмасы бар құжаттар резолюцияда көрсетілген мерзімдерде немесе алынған күннен бастап бір ай мерзім ішінде атқарылады. Мәтінінде "жедел" деген белгісі бар тапсырма - алынған күннен бастап, 10 күннің ішінде атқарылады.

Егер тапсырма бірнеше атқарушыға берілсе, онда оны жүзеге асыру жөніндегі жұмысты тапсырмада бірінші көрсетілген лауазымды адам үйлестіреді. Мұндай тапсырманың орындалуы туралы баяндау мен өтініш жасаушының авторына жауапты, егер резолюцияда өзгедей нұсқау болмаса, қоса атқарушылардың келісімі бойынша осы лауазымды адам ұсынады.

Тапсырма оны тікелей берген басшылардың резолюциясының негізінде немесе Президент Әкімшілігі басшыларының келісімі бойынша оның орындалуы жөніндегі қабылданған шешімнің негізінде бақылаудан алынады.

Басшылар бақылау қызметін ұйымдастыру, деңгейін арттыру мәселелеріне, оның мазмұндық жағына және әдістемелік қамтамасыз етілуіне тұрақты көңіл бөлуге, кемінде тоқсанына бір рет алқаның, тиісті комиссиялардың отырыстарында және жедел кеңестерде Президенттің актілері мен Үкімет шешімдерінің атқарылу барысын тыңдауға міндетті.

Президент пен Үкімет актілерінің, олардың тапсырмаларының бұлжытпай орындалуын қамтамасыз ету мақсатында орталық атқарушы органдарының басшылары мен облыс әкімдері Премьер-Министрдің Кеңесіне:

әр тоқсанның бірінші айының 10 күнінен кешіктірмей:

қоса беріліп отырған нысан бойынша экономиканың салаларындағы реформаларды тереңдету және халықты әлеуметтік қорғауды жүзеге асыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің жүзеге асырылу барысы туралы ақпарат (Президенттің ақпарат ұсынылуы тиіс

актілерінің тізбесі жұмыс тәртібімен беріледі);

әр айдың 5 күнінен кешіктірмей:

Үкіметтің іс-қимыл жоспарларының, "Елдегі жағдай және ішкі және сыртқы саясаттың 1997 жылға арналған негізгі бағыттары туралы" Қазақстан

Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы ережелерінің және 1997 жылға арналған заң жобасы жұмыстары жоспарының жүзеге асырылу барысы туралы ақпарат ұсынады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Кеңсесінің
Басшысы

Директивалық құжат жобасының жүру
КӨРТІШКЕСІ

Жобаның атауы _____
Премьер-Министр
Кеңсесінің бөлімі _____
Кеңседегі жауапты
атқарушы _____
(аты-жөні және телефоны)

Министрліктің,
ведомствоның затының
жолданған күні мен N _____
Министрліктегі, ведомстводағы
жауапты атқарушы _____
(аты-жөні және телефоны)

Премьер-Министрдің Кеңсесіне
түскен күні _____

Келісім: жолдайды алынды
Жоба келісілген министрлік
және лауазымды адамның
аты-жөні

_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____

Кеңсенің жоба келісілген
бөлімі және лауазымды
адамының аты-жөні

_____	_____	_____
-------	-------	-------

Үкіметтің жоба келісілген
Басшылығы және лауазымды
тұлғасының аты-жөні
